

## Орыс символизмі және М. Жұмабаев

Абиыр Ақбота

Символизм (франц. тілінен symbolism, грек тілінен simbolon- белгі, таңба) – ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Францияда пайда болған әдеби бағыт. Символистердің негізгі тақырыптары - өлім, махаббат, тылсым дүние. Сюжет негізіне інжілдік тарих, ортағасыр мен антика мифологиясындағы тарихи оқиғалар арқау болды

Символизм Батыс Еуропада кең қанат жайды. Символизм негізін қалағандар А. Рембо, П. Верлен, К. Гамсун, М. Метерлинк, О. Уайльд, Г. Ибсен т.б.

Символистер сананың арғы бетіндегі көзге көрінбейтін тылсымнан шабыт қуатымен, көңіл көзімен, түйсікпен әлдене ақиқатты аңдауға, аңғаруға тырысады. Дүниетанымы, түптеп келгенде, бейсаналық (бессознательность) теориясы – фрейдизмге сүйенген. Өмірді сұлулық пен көркемдік көзбен көре білді. Мысалы, жай көзге күн жерді айналып тұрған секілді. Ал көңіл көзімен көрген адам жер күнді айналатынын дәл тауып, шындық үстінен түскен. Жан сөзін сол көңіл түйсіктері арқылы аңғарып бейнелеуге тырысқан.

Батыс Еуропадағы символизмге ықпалын тигізген фактор діни құлдырау еді. Ф.Ницше «Құдай өлді» деген концепциясының астарында, адамзаттың болмысын, дүниетанымын жоғалтуын меңзеді. Ал өнердегі символизм жаңа құдайды іздеуші тип, яғни адамзаттың шексіз мүмкіндігі «сверхчеловек» идеясына апарды. Бұл бағыт дәуір алдындағы ақырзаман, Еуропаның құлдырауы, өркениеттің дағдарысы сияқты эсхатологиялық сезімдегі адамзаттың метафизикалық көңіл-күйімен байланысты болды.

Орыс сиволизмі ХІХ-ХХ ғ.ғ. ойшыл В.Соловьевтің «Мәңгілік сұлулық», «Әсемдік» іліміне сүйенеді (бұл мифологема Ф. Достоевскийдің «Идиот» романынында кездеседі).

1900 жылдардың басында орыс символистерінің басын қосатын «Весы», «Золотое Руно» журналдары және «Мусагет», «Скорпион» басылымдары жұмыс атқарды. Ресейде символизм «аға буын» және «кіші буын» деп екі топқа бөлінді.

«Аға буын символистері» немесе «декаденттер»- Д. Мережковский, З. Гиппиус, В. Брюсов, К. Бальмонт. Олар жалпыеуропалық панэстетизм белгілерін бейнеледі.

Кіші символистер – А.Блок, Андрей Белый, И.Анненский шығармалары мистикалық-сұлулық эстетизмінен бастау алған.

Орыс символизміне (әсіресе кіші буындағы символистер) В. Соловьевтің Әулие София образы зор ықпалын тигізді. София - символистердің шабыт көзі болды. В. Соловьевтің Әулие Софиясы – Інжіл мен Платон идеясындағы «Мәңгілік сұлулық» болмысынан сусындаған. София культы А. Блок пен А. Белыйға үлкен ықпалын тигізді. А.Блок

еңбегінде «Куда бы мы ни уходили, как бы мы не прятались за плотину ночной критики, всем существом мы чувствуем близость тайны, близость океана» - деп жазады.

Реализм мен символизмнің айырмашылығы жөнінде К.Бальмонт «Элементарные слова о символической поэзии» мақаласында: «реалистер нақты өмірге, яғни күнделікті тіршілік қалпынан аса алмайды. Өмірді көңіл көзінен өткізе білетін сезім пернесін дөп басатын символизм – ұлы күш» - десе, В. Брюсов «Ключи тайн» мақаласында: «Өнер-әлемді көкірек көзімен көре білу»- деп жазады. Символистер нақтылы бейне жасаудан тартынып, ой-сезім толқындарын рәміз, таңба, ишарат арқылы жеткізуге талпынады. Үлкен әлеуметтік – саяси мәні бар оқиғалардың ең әуелі символдық бейнесін тауып барып, олар туралы өлең тиегін содан кейін ағытқан.

Символизмге ықпалын тигізген фактор-діни құлдырау. Адамзаттың рухани құлдырауынан Ф. Ницше «Құдай өлді» - деген концепция тудырды.

А. Блок осы құлдырауды өлеңінде осылай өрнектейді:

Без веры в бога, без участья,

В скитаньи пошлом гибну я,

О, дай, любовь моя, мне счастья,

Спокойной веры бытия!

Какая боль, какая мука,

Мне в сердце бросили огня!

Подай спасительную руку,

Спаси от пламени меня... (1; 95 б.)

Символизм жаңа құдайды іздеуші типті, яғни адамзаттың шексіз мүмкіндігі «сверхчеловек» идеясына апарды. Символизм дәуір алдындағы ақырзаман, Еуропаның құлдырауы, өркениеттің дағдарысы сияқты эсхатологиялық сезімдегі адамзаттың метафизикалық көңіл-күйімен байланысты болды.

«Өлім - өмірдің бастау бұлағы» - деген философиялық тұжырым қарабайыр пенденің санасына жат ұғым, бірақ символист ақындар, өлім бесігінде тербелуді тілейтін концепцияны аңғартады. Символистердің «Өмір-Өлім» ара қатынасын айқындауда сауаттанған, саналы түрде сүйенген қайнары – Ф.Ницшенің «Мәңгі қайта оралу» туралы ілімі. Орыс символистерінің «Смерть начало жизни» деген ұраны К. Бальмонттың «Смерть, убаюкай меня» өлеңінде:

Жизнь утомила меня.

Смерть, наклонись надо мной!

В небе — предчувствие дня,

Сумрак бледнеет ночной...

Смерть, убаюкай меня

Ранней душистой весной,

В утренней девственной мгле,  
Дуб залепечет с сосной.  
Грустно поникнет к земле  
Ласковый ландыш лесной.  
Вестник бессмертного дня,  
Где-то зашепчет родник,  
Где-то проснется, звеня...  
В этот таинственный миг,  
Смерть, убаюкай меня! (1;145б.)

К. Бальмонттың «Смерть, убаюкай меня» өлеңі М. Жұмабаевтың «Мені де, өлім әлдиле» деген өлеңімен үндесіп жатыр. Ұлы символистердің тақырыбы - Өлім.

Қажыдым енді, күш бітті,  
Көңілсіз, салқын, күн бултты  
Жел бұйығып тербелед,  
Әлдекімнің өлгенін,  
Оны қалай көмгенін  
Әңгіме ғыш күңіренед.  
Жел, күңіренбе, жасың тый,  
Өлім күйі –тәтті күй,  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле! - десе (2;111 бет)

«Қорқыт» дастанында:

Өмірде арманым жоқ –Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.  
Жас төгіп сұм өмірде зарлап-сарнап,  
Құшақтап қобызымды көрге кірсем (3;164бет).

«Адамның жаны мәңгі» деген қағидадан алған аталмыш философиялық тұғырнама ақындардың санасын билеп алды. К. Бальмонттың

Не верь тому, кто говорит тебе,  
Что смерть есть смерть: она — начало жизни,  
Того существованья неземного,  
Перед которым наша жизнь темна (1;134 б.)

Ф. Ницше философиясының келесі бір тұжырымы «Адамнан жаңа адамның жаралуы» (самоуничтожение) тәртібімен жүзеге асады.

«Сен өз отыңа өзің өртенуің керек, әулі күлге айналмай тұрып, қалайша қайта жанданбақсың!?» дейді Ницше, ал Мағжан «Заулап тұрған отымнан жаратар ем жаңа адам», - дейді. Олай болса, символистердің поэзиясындағы От пен оның аспандағы анасы-Күннің образы ерекше орында. Қайта оралу идеясын шығармашылығында басшылыққа алған Андрей Белыйдың «Күл», «Күлсауыт» деген жыр жинақтары дәлел. «Будем как солнце» деген өлеңінде:

Солнцем сердце зажжено.

Солнце — к вечному стремительность.  
Солнце — вечное окно,  
В золотую ослепительность- десе,

К.Бальмонт:

Будем как Солнце! Забудем о том,  
Кто нас ведет по пути золотому,  
Будем лишь помнить, что вечно к иному,  
К новому, к сильному, к доброму, к злому,  
Ярко стремимся мы в сне золотом.  
Будем молиться всегда неземному,  
В нашем хотении земном!

Будем, как Солнце всегда молодое (1;73б).

Орыс символистері күн астындағы бүкіл адамзатты ынтымақ-бірлікке шақырып, күннің ұлылығын мадақтаса, Мағжан шырмашылығында да күннің орны ерекше мысалы:

Ерте күнде отты Күннен Гүн

туған,

Отты Күннен от боп ойнап мен тугам.

... Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар,

Мен келемін, мен келемін,

мен келемін

Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн беремін! (2;38 б.)

Мағжанның қазақ поэзиясында ашқан жаңа беттерінен және де айрықша атап өтетініміз- ақынның Батыс, күллі әлем поэзиясындағы ауыз тұштитын жаңалықтарға ден қоюы. Шығармашылығындағы символизмге деген үлкен бетбұрыс Мағжанның Мәскеудегі Жоғары әдоби- көркем институтына оқуға тусуі болды.

Мағжан Жұмабаев: «Мәскеуге көшіп келгеннен кейінгі жерде менің дүниетанымым өзгере бастады», - дейді. Орыс сиволистерімен тығыз шығармашылық байланыста болған Мағжан әсіресе, А. Блок шығармашылығына үлкен қызығушылық таптықан. «А. Блок» деген өлеңі осы шығармашылық байланыстың куәсі.

Александр Блок –

Мәңгі жас жүрек

Үмітін бір үзбеген.

Батып алғын ойға,

Талмай қарап Айға,

«Әдемі әйел»іздеген.

Үмітін бір үзбеген.  
Батып алтын ойға,  
Талмай қарап Айға,  
«Әдемі әйел»іздеген.  
Көрінер деп күнде,  
Табылар деп түнде,  
Шарқ ұрудан талмаған.  
Александр Блок –  
Мәңгі жас жүрек,  
Қай жерге ол бармаған! (2;132б. )

Сұлулық пен үйлесімділікке сыйыпқан қазақ ақынына кезінде орыс символистері бас ұрып, В.Я.Брюсов “қазақтың Пушкині” деп атауы тегін емес еді.

«Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді», - деп Абай айтқандай, жарқыраған жарығымен орыс ақындары да тамсандырған Мағжан шығармашылығына М. Әуезов дүние жүзі әдебиетінің көркем контесі жүйесінде салыстырып, Мағжанның қазақ әдебиетін еуропалық биікке көтерген зор еңбегін бағалап: «... Мағжанды сүйемін еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін» (4;294) аса жоғары бағалаған.

Сұлулыққа іңкәрлік іздейтін Мағжан поэзиясы – символизм ағымының жауһары.

### **Резюме**

В данной статье рассматривается поэтическое влияние русских символистов на творчество Магжана Жумабаева.

### **Summary**

The article considers the influence of Russian symbolists on the creative activities of Magzhan Zhumabayev.

### **Özet**

Bu makalede Мағжан Жумабаев'in şiirlerinde yansıyan Rus sembolizmin etkisi hakkında söz edilmektedir

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Серебряный век русской поэзии. Москва: Просвещение, 1993.
2. Сүй, жан сәулем. Алматы: «Атамұра» 2002ж.
3. Мағжан Жұмабаев Шығармалар жинағы. Алматы: «Жазушы» 2002 ж.
- 4.Бес арыс. Алматы «Жалын» 1992 ж.
5. Александр Блок Лирика. Москва: «Правда» 1985г.